

өмір-енеге

«Тегінде адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озды», — дейді Абай атамыз. Ақыл, ғылым ар, мінез. Әрқайсысы жеке-жеке алғанда да Құдайдың тек сүйген құлдарына бұйыратын асыл қасиеттер. Ал бәрі бір адамның бойынан табылса, шындығында, Абай айтқан тамаша үйлесім сол болмақ. Кемелділіктен кемеңгерліктің өрісіне қарай тартатын, ілуде бір кездесетін жарасым.

Өрінтес аға, белгілі ғалым өрі қоғам қайраткері Кенжеғали Сағадиев туралы ойға шомсам болды, осындай бір шұғылалы сезімге бөленетінім бар. Содан сон ой желісі сонау Арқаға, Кенжеғали Әбенұлының өскен ортасына, кір жуып, кіндік кескен Торғай даласына тартады. Ол да бекер емес: «Торғай, Торғай дегенмен жүрегі оның бүркіттей!» — деп Сырбай ақын жырға қосатын осынау байтақ өлке, байсын жерде, ұлтымыздың ұлы ұстаздарының бірі Ахмет Байтұрсынұлын

Халықаралық өмірбаян орталығы 1992-93 жылдардың қорытындысы бойынша ұсынылған ондаған мың адамдардың ішінен іріктеп Қазақстан Республикасы Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі, Қазақ мемлекеттік экономикалық университетінің ректоры Кенжеғали Әбенұлы Сағадиевті Жыл адамы деп атағанда базбіреулер, баяғы өзіміздің казакбайшылыққа бағып, мұны әлдебір «күштердің» ықпал-әсерінен болдыға беімдегісі немесе, ең мықтағанда, «жолы болғыштықпен» байланыстырғысы келгені де бар. Кенжекеннің өзі болса, сол тұста бұқаралық ақпарат құралдарына берген сұхбаттарының бәрінде мұны ең әуелі «егеменді ел болғандығымыздың арқасы» деп бағалап, өз еңбегінің үлесін тек содан кейін атайтынын байқайсыз. «Әлгіде айтқанымдай, — дейді ол сондай сұхбаттарының бірінде — бұл атак адамның ғылым мен білім беру саласындағы елеулі еңбектері және қоғам алдындағы азаматтық борышын адал атқарғаны үшін беріледі екен. Мен 32 жылдан бері жоғары оқу орындарында оқытушылық жұмыс атқарып келемін. Сонымен бір мезгілде ғылыми қызметпен де үздіксіз айналы-



бүгінде Президент Н.Ә.Назарбаев алға тартқан арналы міндетпен — осы заманғы білім беру мен кәсіптік қайта даярлау, «парасатты экономиканың» негіздерін қалыптастыру, жаңа технологияларды, идеялар мен көзқарастарды, инновациялық экономиканы дамыту міндетімен табиғи ұштасып, жалғасын тауып жатыр. Әлемдік тәжірибеде орны бөлек қосымша экономикалық білімді және өсіресе бизнес-білімді алдыңғы кезекке шығару да осы арнада. Бұл тұрғыдан алғанда біздің университетте осы тектес бағдарламаларды жүзеге асыруға бағытталған бірсыпыра шаралар қолға алынып жатқанын айту ғанибет. Бұл қатарда өсіресе Кәсіби қайта даярлау және қашықтықтан оқыту институтының, Өнімділік пен бәсекеге қабілеттілікті зерттеу институтының, алты бағыт бойынша MBA бағдарламасының, Қазақстан — Жапония адам ресурстарын дамыту орталығының, сондай-ақ шетелдік әріптестермен бірлесіп жүзеге асырылатын бірқатар басқа да бағдарламалардың жұмысы қарқын алып келеді.

Экономикалық білім берудің желелі міндеттерін кен ауқымда сөз ететін арнаулы семинарлардың, конференциялардың, «дөңгелек үстелдердің» тәжірибесі соңғы жылдары жана бастамамен — Рысқұлов оқуларымен толықты. Өз еліміздегі ғана емес, одан тысқары жерлердегі де жоғары мектеп жұртшылығын елен еткізген бұл жаңалық ендігі жерде тұрақты дәстүрге ұласып барады. Дәл қазір университет ұжымы үшінші Рысқұлов оқуларын өткізуге даярланып жатыр. Онда да Кенжеғали Әбенұлы мұрат тұтқан, күні бүгін де өзі басы-қасында жүрген арқау жіптей арналы міндеттер сөз болып, алуан тақырыптар талқыға түседі. Оқулардың күн тәртібіндегі басқа проблемаларды былай қойғанда, оның шеңберінде өткізілетін «Бизнес, ғылым, білім: ынтымақтастық қырлары» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференцияға жүктелетін міндеттің өзі таудай. Бұл жерде, сондай-ақ, өткен жылдардағы Рысқұлов оқуларының шеңберінде ұйымдастырылған осындай ғылыми-практикалық конференцияларда «Қазақстан: бәсекеге қабілеттілік және жаңғырту», «Ұлттық экономика: инвестициялық және бәсекеге қабілеттілік үлгісін қалыптастыру» дейтін келелі тақырыптар арнасында кемелді ойлар ортаға салынғанын айту парыз.

Кенжекеннің мерейтойы карсанында университетте өткізіліп жатқан басқа да іс-шаралар ауыз толтырып айтарлықтай деуге болады. Соның бірі — жақында Ғылыми кеңестің шешімімен К.Ә.Сағадиевке ҚазҰУ-дің құрметті профессоры атағы берілді. Сондай-ақ мерейтой інісінің құрметіне Ғылыми кеңестің арнаулы мәжілісі өткізілді, «ҚазҰУ хабаршысы» ғылыми-теориялық журналының арнаулы нөмірі әзірленді және ғалымның өмірі мен ғылыми шығармашылығына арнап қорғау ұйымдастырылды, ал қазір университеттің оқытушы-профессорлары мен бірсыпыра шет ел ғалымдарының бәсекеге қабілеттілік проблемаларына арналған ұжымдық монографиясы да осы шаралар шеңберінде әзірленуде.

Максат — айқын, міндет — зор. Алдымызда Кенжеғали Әбенұлы сияқты асқар таудай ағаларымыз жүргенде, сол кісілердің үлгі-өнегесі тұрғанда біз де ортақ игілік үшін қажымай-талмай жұмыс істеп, еліміздің экономикасын қандай бәсекеге де қабілетті, білімді өрі білікті кадрлармен қамтамасыз ете беруге әзірміз.

Ә. ӘБІШЕВ,  
Т. Рысқұлов атындағы Қазақ экономикалық университетінің ректоры,  
экономика ғылымдарының докторы, профессор

ШАҒАЛА ЖАНЫ ШАРҚ ҰРҒАН

берген Ақкол атты ауылда (Кенжекен туралы бұрын-соңды сөз болса ылғи №1 ауыл делініп жүрген мекеннің шын аты осылай екен) осыдан жетпіс жыл бұрын, 1938 жылдың ақпандық аясында шыр етіп дүниеге келген торсық етек нәрестені сол бір қастерлі өлкенің қасиеті желеп-жебесе керек, өйткені ол ес біліп, етек жауып үлгерместен-ақ сұрапыл соғыстың кесепатынан келген қиямет-қайым қиыншылықтардан аман өтіп, ел қатарлы мектеп тәрбиесін көріп, онжылдықты ойдағыдай аяқтағаннан кейін Қазақ мемлекеттік университетінің экономика факультетіне, содан соң Г.В.Плеханов атындағы Мәскеу халық шаруашылығы институтының аспирантурасын түгесіп, ғылымның тауқыметі мол, тауыпты жолына алансыз түсті. Өмірдің осы өткелектерінің қайсысында болсын ол алғырлығымен және ізденімпаздығымен дараланды: мектепті медальмен бітірді, студенттік жылдарында үздік ғылыми жұмыстар дайындаған жастардың қатарында Самарқанда және КСРО-ның басқа да қалаларында өткізілген бүкілодақтық ғылыми конференцияларға қатысты, Мәскеуде «Одақтас республика-қалалардағы күрделі құрылысты материалдық-техникалық кешенді жабдықтау мәселелері» деген тақырыпта диссертация қорғап, аспирантурасын мерзімінен бұрын бітіріп шықты. Ал ҚазМУ-дің ассистенттігі мен аға оқытушылығынан басталған еңбек жолы еліміздегі бірнеше жоғары оқу орындарының ректорлығы мен Қазақстан Республикасындағы Ұлттық Ғылым академиясының президенттігіне дейін ұласатынын ескерсек, ғалымның қандайлық абырой биігіне көтерілгенін түсіну қиын емес.

Өрине, абырой-бедел өздігінен келмейді, өсіресе ғылымда солай. Табиғат-ана аямай сыйлаған ақыл-ой қабілетінің арқасында Кенжекен бір биіктен бір биікке алқынбай шығып, келесі асуларын оңай алатын бақ-талайы бар адам сияқтанғанымен, көзқаракты жұрт бақтын да байыпсызға емес, талаптыға қонатынын біледі. Мәселен, дүние жүзіндегі ең ірі анықтамалар орталықтарының бірі — Кембриджді

самын. Менің зерттеулерімнің объектісі — экономика, атап айтқанда, макроэкономика, оның негізгі даму бағыттары, нарықтық экономиканың күрделі де манызды проблемалары, тиімді жақтары, оның онтайлы өдістері мен тәсілдерін өндіріске енгізу және т.б... Мен студент және аспирант кезімде-ақ макроэкономика проблемаларына жіті көңіл аударып, ірі-ірі Бүкілодақтық ғылыми конференциялардағы пікірталастарға белсене қатысушы едім. Біз «Экономикасы өркендеп отырған елдердегі сияқты, өндірістік қатынастарымызды нарық жағдайында құрсақ болмай ма?» немесе «Өндірушілердің еркіндігін тежеп, істің бәрін міндетті түрде жоспарға телудің қажеті не?» дейтін сұрақтарға жауап іздейтінбіз. Сол тұста батыл көрінетін осындай ой-пікірлер 60 және 70-жылдардың ортасында біздің жоғары мемлекет органдарына да жетіп жататын. Тек, әйткен, олардың тарапынан ешқандай әрекет байқалмаушы еді.

Қатты көңілі қалған адамына қытайлар «Құдай бар болса өзгерістер заманында өмір сүр» деп қарғыс айтады екен. Бұл, мәселен, белгілі бір аңызда біздің Абылай хан бабамыздың «Өзің білме, білгеннің тілін алма» дейтін сөзді қарғыстың ең жаманы деп мойындайтыны секілді. Бірақ біз қытай емеспіз және, кей тұрғыдан алғанда, тағдырымыздың осындай ұлы өзгерістер тұсында қалыптасып, еліміздің егемендік алып, еңсе көтере бастаған, әр жылына он жылдың жүгін артқан кезеңге тап келгені үшін тәуба дейміз. Ежелден-ақ өз кемісімізді өзіміз толтырып, өз тарихымызды өзіміз жасаумен дарыған арда қасиетіміз солай ма, кім білсін, өйтеуір ғұмырының ең мәнді кезені тоталитаризмнің аяғы аспаннан келіп, ұзақ уақыт бойы қатқан сіреудің құл-паршасы шыққан, өмірдің жас өркені енді-енді бой сала бастаған жылдарға тұспа-тұс келген Кенжеғали Әбенұлы енді жасампаздық жана істерге бел шешіп, белсене араласып кетті. Өзі айтпақшы, «ғалым ретіндегі борышы мен қызмет бабына сөйкес», егемен Қазақстанды дамытудың, оның экономикасын, ғылымы мен білімін өрге бастырудың толып жатқан бағдарламаларын талқылауға қатысты; жеке-леген байыптамалар мен заң жобаларын әзірлеуші ғылыми

ұжымдар мен жұмысшы топтарын басқарды; республикада өткізілген қоғамдық-саяси шараларға, ел ішіндегі болсын, тысқары жерлердегі болсын көптеген конференциялардың, симпозиумдардың, «дөңгелек үстел» кездесулерінің жұмысына қатысты; баспасөзге мақалалар жазды, баяндамалар жасады, бұқаралық ақпарат құралдарына сұхбат берді, тиісті орындарға баянат жолдады. Білімі мен білігі күп жарасқан ғалым ретіндегі көміл сенімін дәлелдеп, шағала жаны шарқ ұра жүріп ізденді. Нарықтың желбуаз романтикасынан тезірек арылып, экономиканы дағдарыстан шығарудың ғылыми негізделген сарабыл жолына түсу керектігін, нарықтық экономика — өзіндік бір дара мақсат емес, соған жетудің амалы, дәлірек айтқанда, өдісі екенін, ал мақсат халықтың әл-ауқатын жақсартып, оны дамыған елдердің деңгейіне жеткізу болуы керектігін айтудай-ақ айтты, жазудай-ақ жазды. Халық шаруашылығын тығырықтан шығарып, өркендетудің 13 түрлі нұсқасы ұсынылып, талқыланып жатқанын, өйтіп әр кемелің құйрығын бір ұстағаннан береке таппайтынымызды қайта-қайта шегелей айтып, тиісті орындардың, ел тізгінін ұстаған ерлердің назарын өзінің патша көңілі ұйыған бірер ғана басты бағыттарға аударумен болды. Оның ойынша, басым бағыт — ауыл шаруашылығын және онымен байланысты жеңіл өнеркәсіп пен өңдеуші өнеркәсіпті қайта құру болуға тиіс еді, өйткені бұлар — тез қайтарым беретін икемді салалар. «Мұнай-газ саласын да дамыту керек. Бірақ алдымен — ауыл шаруашылығы», — деп тұжырымдайды ғалым. 1993 жылғы II-мамырда өткен республикалық активтің мәжілісінде сөйлеген сөзінде: «Біздің барлық парасат негізіміз жерде, ұлттық интеллигенциямыз түгелдей дерлік ауылдан шыққан. Ендеше, біз Қазақстанды өркендетуді жерімізді жайластырудан бастап, мемлекеттің барлық мүмкіндіктерін, оның күллі ресурстарын, барша зияткерлік әлеуетін осы мақсатқа жұмылдырсақ қайтесі?.. Бұл өмбеге түсінікті өрі етене жақын жалпыұлттық идея болар еді және, бәлкім, ол халықтың енесін көтерер еді», — деп үстемелейді.

Сонымен, ауыл шаруашылығы

және мұнай-газ өнеркәсібі. Ал үшінші басымдық — ғылым және мәдениет. Сол арқылы елдің ғылыми-техникалық әлеуетін көтеру. Өркеніетті елдермен тереземіз тен болуы үшін ғылымда, білім беруде, мәдениетте солардың деңгейіне жетіп, солар шыққан биікке көтерілуіміз керек. «Бізге бизнесмендердің жана ұрпағы қажет», — деп жар салады ғалым.

Тарих шартты рай дегенді мойындамайды, әйтсе де кезінде Кенжеғали Әбенұлының тастүйін сеніммен табандап айтқан осы ұсыныстары қабылданып, өркендеуіміз бен өсуіміздің бағдарына алынғанда бүгін еліміз өз дамуының қай сатысында тұрар еді деген ой келеді көңілге.

Ал Тәуелсіздіктің елен-аланында, тоқсаныншы жылдардың басында тез арада ұлттық валютамызды айналымға қосу қажеттігін дәлелдеп, Елбасы Н.Ә.Назарбаевтан бастап барлық деңгейдегі жауапты азаматтардың құлақ етін жеген жанайқайы ше? Тегі, онысын «Нарықтың ана тілі — ақша» дейтін өз тұжырымын ту етіп ұстаған жалантөс жеке батырдың майданына тенеуге болатын шығар. Өне, Абай айтқан ардың тазалығы да, мінездің беріктігі де осыдан көрнеді десек, ешбір артықтығы жоқ. Сондай-ақ Кенжекеннің Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің соңғы екі шақырылуында да оның депутаты бола жүріп атқарған және атқарып келе жатқан таутолағай істері өз алдына.

Иә, жақсының жаттығы жоқ, жақсы өмбеге ортақ. Өйткенмен Кенжеғали Сағадиевті біздің өте-мөте жақын тартып, «меншіктейтін» де себебіміз жоқ емес. Алдымен біз өзімізді Кенжекеннің ізін қуған иілері, өкшесін басқан әріптестері санаймыз. Сондықтан қай ісімізде болсын Кенжекене еліктеуге тырысамыз. Екіншіден, Кенжеғали Әбенұлы іргесін қаласып, өзі енесін көтерген іргелі оқу ордасында сол кісі бастап берген игі істерді жалғастырып келе жатқанымызға мерейленеміз. Шынында, қазір Т.Рысқұлов атындағы Қазақ экономикалық университетінде қолға алынып, жүзеге асырылып жатқан іргелі істердің бірталайы бастауында бұрынғы ректоры К.Сағадиев тұрған шаралармен сабақтас, сол кісінің жаны жай таппай жүріп жүзеге асырам деген міндетгермен өрелес екенін айту ләзім. Тіпті бұл